

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛГУСІТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 61 (9379) | 1954 жылғы 21 март Жексенбі | Шығуына 35 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағының XII съезіне

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағының XII съезін және сол арқылы біздің жас ұлтты Совет Одағымыздың барлық комсомолдері мен комсомолшаларын, даңқты жастарын қызу құттықтайды.

Ленин комсомолы Коммунистік партияның басшылығымен коммунистік қоғамның миллиондаған белсенді құрылысшыларын өсіріп, тәрбиеледі. Комсомол Отанымыздың игілігі үшін қаһармандықпен күресіп, ерлік еңбек етіп, совет халқының жаппай құрметі мен сүйіспеншілігіне ие болды.

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті біздің комсомолдеріміз бен комсомолшаларымыз өздерінің барлық жігері мен жастық қайратын коммунизм орнатуға ұлы ісіне жұмсай отырып, Ленин комсомолының даңқты істерін бұдан былай да еселеніп арттыра береді деп сенеді.

Қазіргі уақытта, социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту жағдайында, жастарға коммунистік тәрбие беру, марксизм-ленинизм негіздерін меңгеру және Маркстің—Энгельстің—Лениннің—Сталиннің асқан сенімпаз ілімін саналылықпен жүзеге асыру ісінде комсомолдың ролі бұрынғыдан анағұрлым арта түседі. Комсомол совет жастарын өз Отанына жанамай қызмет ету және Коммунистік партияға берілгендік рухында, ССРО халықтарының мызғымас достығы рухында тыңбастан тәрбиеленіп, совет адамдарының ең жақсы қасиеттерін—еңбек сүйгіштігін, ерректігін, батылдығын, біздің ісіміздің жеңетіндігіне берік сенетінін, қиыншылықтар мен еңбекшілердің қандайын болса да жеңуге әзірлігін жастарға үйретіп отыруға тиіс. Комсомолдың борышы—жастардың өндірістік мамандығын үнемі арттыра беруге, білімді, озат ғылым мен техниканың табыстарын қажырлықпен меңгеріп, бұларды халық шаруашылығы мен мәдениеттің барлық салаларына іс жүзінде қолдана білетін болуына барынша қамқорлық жасап отыру. Комсомол жастардың денесін шынықтыруға, оларды еңбекке және Отанды қорғауға әзірлеп отыруға тыңбастан қамқорлық жасауға міндетті.

Комсомолдың аса маңызды міндеті мемлекеттік, шаруашылық және мәдениет құрылысына, еліміздің бүкіл қоғамдық-саяси тұрмысына комсомолдер мен ұрлық совет жастарының бұрынғыдан анағұрлым белсене қатысуын қамтамасыз ету болып табылады. Социалистік өнеркәсіпті онан әрі өркендетуге, ауыл шаруашылығының барлық салаларын және халық тұтынатын заттар өндірісін шұғыл өркендетудің партия мен үкмет белгілеген программасын жүзеге асыруға, көбірек белсенділік және инициатива көрсетуге, халық шаруашылығының барлық салаларында еңбек өнімділігін барынша арттыру ісіне совет жастарының күш-жігерін жұмылдырып отыруға тиіс.

Коммунистік партияның көмекшісі және резерві ретіндегі өзінің ролін ойдағыдай орындау үшін комсомол өз жұмысын үнемі жетілдіріп отыруы қажет. Совет жастарының алдында тұрған міндеттерді шешуде зор роль атқаруға міндетті. Комсомол органдары өз жұмысын батыл қайта құруға, комсомол ұйымдарына басшылық ету практикасындағы кеңешілік-бюрократтық әдістерді жоюға, жастар арасында нақты ұйымдастыру және тәрбие жұмысымен көбірек шұғылдануға тиіс. Нақты адамдарға—комсомолдер мен совет жастарына көңіл бөліп, олардың еңбегіне, тұрмысына, білім мен тәрбие алуына, жігіттер мен қыздардың таяудағы екі-үш жылдың ішінде еліміздің халқының халық тұтынатын товарлар жөнінде өсіп отырған тілектерін молынаң қанағаттандырудың бүкілхалықтық ұлы міндетін шешуге жастардың ерекше назары аударылуға тиіс. Комсомол социалистік жарысты бұрынғыдан кең өрістетуге, барған сайын өсіп отырған тілектері мен мүдделерін қанағаттандыруға үнемі қамқорлық жасауға комсомол ұйымдары бала назар аударып отыруға тиіс. Бұл үшін жастардың қалың бұқарасымен жанды байланысты удайы ұлғайтып, нығайтып отыруы қажет.

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті пролетарлық интернационализм рухында тәрбиеленген Ленин комсомолы мен барлық совет жастары арқаның да демократияшыл жастардың авангардында, олардың бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік орнату жолындағы игілікті күресінің қатарында белсенді қатысуына

қажетті. Комсомолдың өздерінің барлық жігері мен жастық қайратын коммунизм орнатуға ұлы ісіне жұмсай отырып, Ленин комсомолының даңқты істерін бұдан былай да еселеніп арттыра береді деп сенеді.

Қазіргі уақытта, социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту жағдайында, жастарға коммунистік тәрбие беру, марксизм-ленинизм негіздерін меңгеру және Маркстің—Энгельстің—Лениннің—Сталиннің асқан сенімпаз ілімін саналылықпен жүзеге асыру ісінде комсомолдың ролі бұрынғыдан анағұрлым арта түседі. Комсомол совет жастарын өз Отанына жанамай қызмет ету және Коммунистік партияға берілгендік рухында, ССРО халықтарының мызғымас достығы рухында тыңбастан тәрбиеленіп, совет адамдарының ең жақсы қасиеттерін—еңбек сүйгіштігін, ерректігін, батылдығын, біздің ісіміздің жеңетіндігіне берік сенетінін, қиыншылықтар мен еңбекшілердің қандайын болса да жеңуге әзірлігін жастарға үйретіп отыруға тиіс. Комсомолдың борышы—жастардың өндірістік мамандығын үнемі арттыра беруге, білімді, озат ғылым мен техниканың табыстарын қажырлықпен меңгеріп, бұларды халық шаруашылығы мен мәдениеттің барлық салаларына іс жүзінде қолдана білетін болуына барынша қамқорлық жасап отыру. Комсомол жастардың денесін шынықтыруға, оларды еңбекке және Отанды қорғауға әзірлеп отыруға тыңбастан қамқорлық жасауға міндетті.

Комсомолдың аса маңызды міндеті мемлекеттік, шаруашылық және мәдениет құрылысына, еліміздің бүкіл қоғамдық-саяси тұрмысына комсомолдер мен ұрлық совет жастарының бұрынғыдан анағұрлым белсене қатысуын қамтамасыз ету болып табылады. Социалистік өнеркәсіпті онан әрі өркендетуге, ауыл шаруашылығының барлық салаларын және халық тұтынатын заттар өндірісін шұғыл өркендетудің партия мен үкмет белгілеген программасын жүзеге асыруға, көбірек белсенділік және инициатива көрсетуге, халық шаруашылығының барлық салаларында еңбек өнімділігін барынша арттыру ісіне совет жастарының күш-жігерін жұмылдырып отыруға тиіс.

Коммунистік партияның көмекшісі және резерві ретіндегі өзінің ролін ойдағыдай орындау үшін комсомол өз жұмысын үнемі жетілдіріп отыруы қажет. Совет жастарының алдында тұрған міндеттерді шешуде зор роль атқаруға міндетті. Комсомол органдары өз жұмысын батыл қайта құруға, комсомол ұйымдарына басшылық ету практикасындағы кеңешілік-бюрократтық әдістерді жоюға, жастар арасында нақты ұйымдастыру және тәрбие жұмысымен көбірек шұғылдануға тиіс. Нақты адамдарға—комсомолдер мен совет жастарына көңіл бөліп, олардың еңбегіне, тұрмысына, білім мен тәрбие алуына, жігіттер мен қыздардың таяудағы екі-үш жылдың ішінде еліміздің халқының халық тұтынатын товарлар жөнінде өсіп отырған тілектерін молынаң қанағаттандырудың бүкілхалықтық ұлы міндетін шешуге жастардың ерекше назары аударылуға тиіс. Комсомол социалистік жарысты бұрынғыдан кең өрістетуге, барған сайын өсіп отырған тілектері мен мүдделерін қанағаттандыруға үнемі қамқорлық жасауға комсомол ұйымдары бала назар аударып отыруға тиіс. Бұл үшін жастардың қалың бұқарасымен жанды байланысты удайы ұлғайтып, нығайтып отыруы қажет.

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті пролетарлық интернационализм рухында тәрбиеленген Ленин комсомолы мен барлық совет жастары арқаның да демократияшыл жастардың авангардында, олардың бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік орнату жолындағы игілікті күресінің қатарында белсенді қатысуына

Қазақстан КП облыстық комитетінде Облыс колхоздарында, МТС-терінде, совхоздары мен аудандарында социалистік жарысты ұйымдастыру туралы

1954 жылы ауыл шаруашылығы саласында, әсіресе, астық өндірісін онан әрі ұлғайту ісінде, тың және тыңайған жерлерді игеру, әрбір колхоздың және совхоздың мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын оның өнімділігін арттыра отырып орындау, егіншілік пен мал шаруашылығы өнімдері жөніндегі мемлекеттік жоспарды мерзімінен бұрын орындау жөнінде партия мен үкмет қойған міндеттерді табысты орындау мақсатымен Қазақстан КП облыстық комитетінің бюросы қаулы етеді:

Қазақстан КП аудандық комитеттері, аудандық Совет атқару комитеттері, ҚЛКЖО аудандық комитеттері, бастауыш партия және комсомол ұйымдары, кәсіп-одақтардың облыстық комитеттері мен жұмысшы комитеттері трактор бригадаларының және егіс бригадаларының, бөлімшелердің, мал фермаларының арасында, колхоздардың, машина-трактор станцияларының, совхоздардың және аудандардың арасында 1954 жылға қабылданған социалистік міндеттемелерді ойдағыдай орындау жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуге міндеттелсін.

Қазақстан КП аудандық Комитеттері мен аудандық Совет атқару комитеттеріне 1954 жылдың 1 апреліне дейін колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың ауыл шаруашылығы озаттарының аудандық кеңестері өткізілуі, онда 1954 жылға қабылданған социалистік міндеттемелер, сондай-ақ аудандар арасында шарт жасалуын талқылау жүктелді.

Мына аудандардың бір-бірімен социалистік жарысқа түсуі ұсынылсын: Булаев—Конюхов, Полуденъ—Булаев, Сәкелов—Мамлют, Петропавл—Приешім, Преснов—Октябрь, Ленин—Совет аудандарымен.

1954 жылдың 10 апреліне дейін колхозшылардың, МТС және совхоз жұмысшыларының бригадалар, бөлімшелер, фермалар, колхоздар, МТС-тер және совхоздар бойынша жеткілікті міндеттемелерді орындау

Ленин комсомолы Коммунистік партияның басшылығымен коммунистік қоғамның миллиондаған белсенді құрылысшыларын өсіріп, тәрбиеледі. Комсомол Отанымыздың игілігі үшін қаһармандықпен күресіп, ерлік еңбек етіп, совет халқының жаппай құрметі мен сүйіспеншілігіне ие болды.

қапту, социалистік жарысқа күнбе-күн басшылық жасау және қабылданған міндеттемелердің үнемі орындалуын тексеру еленін еске алып, Қазақстан КП облыстық комитетінің бюросы социалистік жарыстың барысын және нәтижесін трактор бригадаларының және егіс бригадаларының, бөлімшелер мен мал фермалардың арасындағы социалистік жарыстың барысын өзара тексеруді он күнде бір рет жүргізіп, оның қорытындыларын бригадалардың, бөлімшелердің және фермалардың жыйналыстарында талқылау ұсынылды, жарысқа түскен колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың арасында өзара тексеріс айында бір рет жүргізіліп, жарысқа түскен аудандардың арасында қабылданған социалистік міндеттемелердің орындалу барысын өзара тексеру ауыл-шаруашылық жұмыстарының маусымдары бойынша (көктемгі егіс, мал азығын дайындау, егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру, мал қыстату маусымына әзірлік және т. б.) жүргізілсін, оның қорытындылары колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың жалпы жыйналыстарында талқыланатын болсын;

Бюро аудандық партия комитеттері мен аудандық Совет атқару комитеттерін, бастауыш партия ұйымдары мен ауыл-селолық Советтерін бригадалардың, бөлімшелердің, фермалардың, колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың социалистік міндеттемелерінің орындалу барысын үнемі тексеріп отыруға және олардың қорытындыларын бюро мәжілістерінде, аудандық Совет атқару комитеттерінде, бастауыш партия ұйымдарының жыйналыстарында және ауыл-селолық Советтердің сессияларында тақылауға міндеттейді.

Социалистік жарыс нәтижелерін кеңінен жария ету және еңбекшілерді өздерінің социалистік жарыста қабылдаған міндеттемелерін ойдағыдай орындау күресіне жұмылдыру мақсатында аудандық партия комитеттері мен аудандық Совет атқару комитеттері әрбір трактор және егіс

МТС-терде және совхоздарда көрсеткіш тақталары қойылып, оларда бескүндікте бір рет бригадалардың, бөлімшелердің, фермалардың, колхоздардың, МТС және совхоздардың социалистік жарысының қорытындылары жазылсын;

Петропавл қаласында облыстық Құрмет тақтасы ұйымдастырылып, оған тың және тыңайған жерлерді игеру, көктемгі егісті өткізу, мал азығын дайындау, астық жыйнау, мал шаруашылығын өркендету жоспарын орындау және ауыл-шаруашылық өнімдерін мемлекетке тапсыру жөнінде социалистік міндеттемелерді орындауда ең жақсы нәтижелерге ие болған озат аудандар, колхоздар, МТС-тер және совхоздар жазу ұйғарылды.

Облыстық және аудандық газеттерде Құрмет тақталары ұйымдастырылады. Алдыңғы қатарлы аудандар, колхоздар, МТС-тер және совхоздар құрмет тақтасына облыстық Совет атқару мен Қазақстан КП облыстық комитеті бюросының қарауы бойынша жазылады. Облыстық ауыл-шаруашылық басқармасы және совхоздар тресі қандай көрсеткіштерге ие болған жағдайда аудандар, колхоздар, МТС-тер, совхоздар, облыстық Құрмет тақтасына жазылатыны жөнінде шартты белгілейді.

Обком бюросы аудандық партия комитеттерін, бастауыш партия ұйымдарын СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және астық өндірісін онан әрі өркендету, тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі Пленумдарының қаулыларын түсіндіру жөнінде колхозшылардың, МТС және совхоз қызметкерлерінің арасында бұқаралық-саяси жұмысты кеңінен өрістетуге, сөйтіп, еңбекшілер бұқарасының барлық күш-мүмкіншіліктерін социалистік жарыста алған міндеттемелерді орындау күресіне жұмылдыруға міндеттейді.

Бюро облыстық және аудандық газеттердің редакцияларын, облыстық мәдениет басқармасының радио хабарларын тарату

Март—мал қыстатудың
шешуші айы

Мал қыстатуды табысты аяқтаймыз

Біздің облыстың жағдайында мал шаруашылығының барған сайын өркендеуі мал қыстату маусымының үлгілі өткізілуіне тікелей байланысты. Біздің колхоздың колхозшылары мал қыстату маусымын алғашқы күннен бастап ұйымдасқан түрде өткізуде. Колхоз басқармасы мал күтуші адамдарды өз ісіне аса жауаптылықпен қарайтын колхозшылардан тағайындап, олардың ауыстырылуына жол бермеді. Олар қыс бойы малдарды күтуде, азықтандыруда аянбай еңбек етіп келеді. Әсіресе, малшылар С. Көбеев, Қ. Мұқыжанов, Р. Бажықанов жолдастар ерекше көзге түседі.

Мал күту және азықтандыру жұмыстарының зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сай ұйымдастырылуының нәтижесінде осы уақытқа дейін бізде бірде-бір мал шығыны болған жоқ. Мұның өзі қыс бойы колхозшылардың малшаруашылығына ерекше көңіл бөлгендігін, қоғамдық мал шаруашылығын өркендету күресіне өздерінің барлық күш-жігерін аямай жұмсағандығын дәлелдейді.

Мал өсірушілер қысқы маусымда мал шаруашылығының өнімділігін арттыру ісіне де ерекше назар аударды. Сауия сыйырлар ерекше күтімге қойылып, белгіленген рацион бойынша азықтандырылды. Сөйтіп, сыйырлардың сүттілігі өткен жылғы осы мерзімдегіден екі есе артты. Сыйырлардың сүттілігінің артуы—колхоздың январь, февраль айларында мемлекеттік сүт тапсыру жөніндегі міндеттемесін толық орындау шығуына мүмкіндік берді. Бұл істе, әсіресе, сауыншылар Б. Жоланова, С. Әбішова жолдастар жоғары көрсеткіштерге ие болды.

Қазір колхозда төл алу маусымы жаппай басталып отыр. Малшылар бұл істің маңыздылығын жете түсіне отырып, төл алу және алынған төлдерді күту жұмыстарын тынғылықты жүргізуде. Қазір фермаларда 200-ден астам қозы және 50-ге дейін бұзау бар.

Біздің колхоздың колхозшылары мал қыстату маусымын табысты аяқтау және төл алу маусымын ұйымшылдықпен өткізу арқылы мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыра береді.

Б. ҚАНАПИН,

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті коммунистік қамның 18 миллионнан аса жас құрылысшыларын өз қатарына біріктіріп отырған біздің комсомолымыз коммунизмнің жеңісі жолындағы күресте бұдан былай да партияның сенімді көмекшісі болады, совет халқы мен социалистік Отан аясындағы өзінің қасиетті борышын аброймен орындап отырады деп сенім білдіреді.

Бүкілодақтық Лениндік Коммунистік Жастар Одағы жасасын!

Даңқты совет жастары жасасын!

Біздің ұлы социалистік Отанымыз жасасын!

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті.

БЛКЖО XII съезі

Кеше, 19 мартта, БЛКЖО XII съезі ашылды. Совет халқы өзінің жастары, оның алдыңғы қатарлы отряды — Ленин комсомолының орынды мақтан етеді. Қай жерде жұмыс істесе де, олар әрқашан үлгі көрсетіп келеді, олардың күш-жігерлері біздің елімізде коммунизм орнатудың Коммунистік партия жасаған программасын жүзеге асыруға бағытталған. Комсомол жіберген өкілдер Москваға өздерінің Отан алдындағы борышы туралы оймен, жұмысты оған сайын жақсы, өнімді істеуге толы ниетпен келді.

Кремльдің Үлкен Сарайына 45 ұлттың 1300-ден аса жас жігіттері мен қыздары жыйналды. Олардың жайнаған көздері мен жүздерінде қуаныш ізі байқалады. Бірнеше тілдердегі сөздер естіледі. Қарт Кремльге жастық келді. Георгиев залы, Гранит палатасы және Сарайдың басқа да залдары жасарып кеткен тәрізді. Жастар топ-топ болып әр жерге жыйналыса қалады. Танысады. Тез-ақ әңгімелесе бастайды.

ССРО Жоғарғы Советінің мәжіліс залы. Бүгін ол комсомолецтерге — съезд делегаттарына берілген.

Залдың ішінде жігерлі, көңілді, комсомол әндері естіледі. Залдың барлық жерлерінде шырқалған ән. Сарай күмбезінің астында қуатты көп дауысты хор естіледі.

Делегаттардың арасында ауыл шаруашылығының көптеген қызметкерлері: Краснодар өлкесі, Куцев МТС-нің комбайншысы Социалистік Еңбек Ері Валентин Волчихин, сауыншы аяқ Елена Шарина, Волин облысы, Сенкеничев ауданындағы «Нове життя» колхозының председатели Надежда Сердюк және басқалары бар. Залда — өндіріс жанашырлары Лидия Коробельникова, Мария Рожнева, Серафима Котова, Николай Чижиков, Мария Белавенцева. Олардың ішінде жас совет интеллигенциясының өкілдері — ССРО Ғылым академиясының мүше-корреспонденті Сергей Мергелян, украин жазушысы Александр Гончар, белорус артисткасы Лилия Дроздова, ССРО Үлкен театрының дирижері Геннадий Роджественский бар. Съезге комсомолдық біртұтас ынтмақшыл семья жыйналды.

Шетелдік жастар ұйымдарының өкілдері болып жатқанның барлығын қызықтап бақылайды, советтің жас жігіттері мен қыздарына достық жылы жүзбен қарайды. Олар съезге көптеген елдерден: Албаниядан, Австриядан, Австралиядан, Англиядан, Аргентинадан, Бразилиядан, Бельгиядан, Болгариядан, Венгриядан, Венесуэладан, Голландиядан, Герман Демократиялық Республикасынан, Грециядан, Даниядан, Индиядан, Италияда, Израильден, Қытайдан, Кореядан, Кана-

дадан, Монгол Халық Республикасынан, Норвегиядан, Польшадан, Румыниядан, АҚШ-тан, Триесттен, Чехословакиядан, Чилиден, Швейцариядан, Швецияда, Уругвайдан, Финляндиядан, Франциядан, Жапониядан келді. Съезге Бүкіл дүниежүзілік демократияшыл жастар федерациясының президенті Бруно Бернини, Бүкіл дүниежүзілік демократияшыл жастар федерациясының бас секретары Жак Дени, Халықаралық студенттер одағының бас секретары Иржи Пеликан қатысады.

Танертенгі сағат 10. Үкмет локаларына Г. М. Маленков, В. М. Молотов, Н. Е. Ворошилов, Н. А. Булганин, А. И. Микоян, М. З. Сабуров, М. Г. Первухин, М. А. Суслев, П. Н. Поспелов, Н. Н. Шаталин жолдастар келді. Олардың құрметіне делегаттар мен қонақтар ду овация жасалды. Барлығы да орындарынан тұрды. Комсомолдық «Ура!» жаңғырықты.

БЛКЖО Орталық Комитетінің секретары А. Н. Шелепин жолдас съезді аша келіп, делегаттар мен қонақтарды — шетелдік жастар ұйымының өкілдерін құттықтады. Съезд ұлы мәселеміз, В. И. Лениннің шәкірті және ісін ала апарушы — Иосиф Виссарионович Сталинді орнынан тұрып еске түсірді. Делегаттар съездің президентімен сайлады. Г. М. Маленков, В. М. Молотов, Н. С. Хрущев, Н. Е. Ворошилов, Н. А. Булганин, Л. М. Каганович, А. И. Микоян, М. З. Сабуров, М. Г. Первухин жолдастардың құрамында құрметті президентіміз сайлау туралы ұсыныс зор әреуле үстінде қабылданды.

Залда үкмет пен партияның басшылары құрметіне қолшапалақтау көпке дейін басылған жоқ.

Съездің секретариаты, редакциялық және мандат комиссиялары сайланды. Мына күн тәртібі бірауыздан бекітілді:

1. БЛКЖО Орталық Комитетінің есепті баяндамасы.
2. БЛКЖО Орталық тексеру комиссиясының есепті баяндамасы.
3. В. И. Ленин атындағы пионер ұйымының жұмысы туралы.
4. БЛКЖО Уставына өзгерістер енгізу.
5. БЛКЖО-ның Орталық органдарын сайлау.

Шелепин жолдас комсомолдың XII съезінің атына Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетінен құттықтау түскенін хабарлады. Құттықтаудың тектін делегаттар жылы жүзбен қарсы алған. СОКП Орталық Комитетінің секретары М. А. Суслев жолдас оқыды.

Бұдан кейін съезд күн тәртібінің бірінші мәселесін талқылауға кірісті. БЛКЖО Орталық Комитетінің секретары Шелепин жолдас баяндама жасайды.

(СОТА).

онда социалистік міндеттемелер талқыланып, жарысқа түскен бригадалардың, бөлімшелердің, фермалардың, колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың социалистік жарыс шарттары жасалсын.

Социалистік жарыста қабылданған міндеттемелердің ойдағыдай орындалуының шешуші шарты барлық еңбекшілер бұқарасын социалистік жарыспен толық

көрсеткіш тақталарын ұйымдастыру, оларға бес күнде бір рет социалистік жарыстың қорытындыларын жазу ұсынылды. Трактор бригадаларында ауыспалы қызыл жалаулар белгілеу, оларды таңдаулы тракторшыға, комбайншыға, шөп машинаның машинисіне беру ұсынылды.

Аудан орталықтарында, колхоздарда,

лығы еңбекшілерінің арасында социалистік міндеттемелердің орындалу барысын жариялап отыруға, озат колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың, ауыл шаруашылығы өндірісі жақашылдарының тәжірибелерін жыйнақтап, таратып отыруға, сондай-ақ, колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың жұмысындағы кемшіліктерді батыл сыныға алуға міндеттеді.

Литва ССР-нің әдебиет және искусство қызметкерлерін ордендермен және медальдармен наградтау

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы литван совет әдебиетін өркендету саласындағы аса көрнекті еңбектері үшін және литван әдебиеті мен искусствосының Москва қаласында өткізілген онкүндігіне байланысты — жазушы, Литва ССР Мәдениет Министрі А. А. Гузавичюсті; жазушы, Литва ССР искусствосының еңбегі сіңген қайраткері А. Ю. Жукаускас-Венуолисті, композитор, Литва ССР Мемлекеттік филармониясының бас дирижері К. В. Кавецкасты, скульптор, Литва ССР Мемлекеттік көркем сурет институтының

профессоры Ю. И. Микенасты, Литва ССР Мемлекеттік драма театрының артисі Н. П. Мироняйтени, ССРО халық артисі, Литва ССР Мемлекеттік опера және балет театрының солисі, Литва ССР Мемлекеттік консерваториясының профессоры К. И. Петраускасты, Литва ССР Мемлекеттік опера және балет театрының солисі Я. В. Петравквичютені, Литва ССР-нің еңбегі сіңген артисі, Литва ССР драма театрының артисі Ю. П. Рудзинкасты, Литва ССР Мемлекеттік опера және

балет театрының солисі И. А. Стационасты, композитор, Литва ССР Мемлекеттік консерваториясының оқытушысы Ю. А. Юзелионасты, Литва ССР-нің еңбегі сіңген артисткасы, Литва ССР Мемлекеттік драма театрының артисткасы Г. П. Яцкевичютені — Ленин орденімен наградтады.

Еңбек Қызыл Ту орденімен — 52 адам, «Құрмет Белгісі» орденімен — 87 адам, «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен — 166 адам наградталды.

(СОТА).

«Қызыл ту» колхозының председатели.

Мал шаруашылығы өркендеуде

Кониюхов ауданындағы «Пролетарское знамя» колхозында мал қыетату жұмысы зор ұйымшылдықпен өткізілуде. Азық малға берілмей тұрып, арнаулы машиналар арқылы нәрлендіріледі, ол нормаға сәйкестендіріліп жұмсалады.

Сүтті мал алу мақсатымен 53 сыйыр өрекше күтімге қойылған. Бұларға жай шөп пен сабаннан басқа тәулігіне 15 килограмм қызылша, 4 килограмм сүрленген шөп, бір килограмм концентрат беріледі. Күтімнің осы сияқты зоотехникалық ережелерге сай ұйымдастырылуы нәтижесінде сауын сыйырлардың сүттілігі арта түсуде.

Колхоздың барлық қойы биязы жүнді, асыл тұқымды. Облыс колхоздарына сатуға арналған 80 жас қойлар арнаулы күтімде тұр. Кәзір саулық қойлар жаппай қоздай бастады. Алынған қозылар шығынсыз өсірілуде.

Б. ЖӘКЕНОВ.

Тракторшыларды бұлай даярлауға болмайды

СОКП Орталық Комитеті Пленумының «Елімізде астық өндіруді оған әрі арттыру туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» қаулысы облысымызда егіс көлемін, әсіресе, азық-түліктік бағалы дақыл — жаздық бидай егісінің көлемін ұлғайтудың, соның негізінде астық өндірісін мықтан өркендетудің айбынды программасын белгілеп берді.

Бұл аса жауапты міндетті мінез орындауға партиямыз бен үкметіміз облыс колхоз, совхоздары мен МТС-теріне зор көмек көрсетіп отыр. МТС-тер мен совхоздарға тың және тыңайған жерлерді игеру үшін тракторлар мен тіркеу саймандары қажетінше берілуде. Бұл техниканы ауылшаруашылық жұмыстарына неғұрлым өнімді пайдалану — алда тұрған міндетті сөзсіз орындап шығудың ең негізгі жолы болып табылады. Сондықтан да тракторларды жете білетін, бұл күрделі техниканы жұмысқа өнімді пайдаланатын механизатор кадрларын даярлау — ең маңызды міндеттердің бірі болып саналады.

Тың және тыңайған жерлерді игеруде жұмыс істеуге тілек білдіріп, бүкілхалықтық іске өздерінің үлестерін қосу үшін еліміздің бірқатар облыстары мен республикаларынан облысымызға жүздеген ауыл шаруашылығының мамандары мен өнеркәсіп орындарының жұмысшылары келіп жатыр. Олардың бар мақсаты — колхоздар мен совхоздардың экономикасын бұрынғыдан да нығайту, сөйтіп, халқымыздың әл-ауқат және мәдени дәрежесін арттыру жолындағы күреске белсене қатысу. Сондай патриоттардың бір тобы — республикамыздың астанасынан келген жас жігіттер мен қыздар.

Олардың көпшілігі ауыл шаруашылығының күрделі машиналары — трактор, комбайндардың механизмімен жете таныс емес. Олар Петропавл механикация училищесінің қаладағы бөлімшесінде 6 ай оқып, тракторшылық мамандық алулары керек.

Алмағылықтардан 200-ге жуық адам № 36 фабрика-завод училищесінің оқу орнында 7 марттан бастап оқу программасы бойынша тракторлардың механизмдерін үйрене бастады. Ал, осы мерзімнің ішінде Петропавл механикация училищесі мен облыстық ауылшаруашылық басқармасы басшыларының жас маман кадрларын даярлау ісіне жете мән бермегендіктері, оларға қажетті тұрмыс жағдайын жасауға жеткілікті дәрежеде қамқорлық жасамағандықтары байқалды.

Алдыңмен бөлімшеде осы уақытқа дейін оқытушылар құрамы жетіспей келді. Ал, кейбір оқытушылардың сабақ беру тәжірибелері мүлдем аз. Көпшілік оқытушылар күн сайын 7—8 сағаттан сабақ береді. Шынында да олардың сағаты көп болғандықтан сабақ беруге дайындалып жетулеріне мүмкіншіліктері жоқ. Оқушы Н. Соколов жолдаспен әңгімелескенімізде былай деді:

— Біздің алатын мамандығымыз — тракторшылық. Сондықтан трактор құрылысы сабағы оқушыларға түсінікті өтуі керек. Бұл пәнді жүргізуде елеулі кемшіліктерге жол беріледі. Тракторлардың құрылысы оқушыларға жете түсіндірілмейді, тек жазып алынған лекциялар оқылады. Сабақ бергенде трактордың құрылысы, механизмдері жөніндегі плакаттар пайдаланылмайды.

Оқытушылар мен оқушылар оқулықтармен қамтамасыз етілмеген. Сол сияқ-

ты, бөлімшеде көрнекі құралдар мүлдем жоқ. Көрнекі құралдарды сатып алуға болады, — дейді бөлімше басқарушысы Либерт жолдас, — бірақ, бұған бөлінген қаражат бізде жоқ. Бұл жөнінде бізге облыстық ауылшаруашылық басқармасының кадр басқармасының бастығы Куфман және Петропавл механикация училищесінің директоры Пальчинский жолдастар нақтылы көмек көрсетулері керек еді. Олар бізде болды, жағдайды жақсы біледі. Бірақ, әлі күнге дейін бұл басшы жолдастар тарапынан ешқандай көмек ала алмай отырмыз.

Осындай кемшіліктердің орын алуынан бөлімшеде сабақ толық өтпейтін болған. 13 март күні № 3 группада сабақ мүлдем болмаған. Ал, 16 март күні 8 сағат орнына, небары 5 сағат ғана сабақ өткен. Либерт жолдас оқушыларға қалаған 3 сабақ кешкі тамақтан кейін болады деп түсіндірген. Оқушылар кешкі сағат 8-ден кейін 2 сағат бойы оқытушыларды күтіп отырған. Бірақ, бірде-бір оқытушы сабақ беруге келген жоқ.

Бөлімшеде 8 группа бар. Әрбір группада штат бойынша бір-бір мастер, оның мамандығы механик болуы керек. Олар оқушыларды трактордың механизмдерімен таныстырып отыруға тиіс. Мұнда небары 3-ақ мастер бар. Облыстық ауылшаруашылық басқармасы басшыларының мастерлерді жібереміз дегеніне көп уақыт өтті. Олар өздерінің уәделерін әлі күнге дейін орындамай-ақ келеді.

Бөлімшеде ауылшаруашылық құрал-саймандары — плуг, сеялка, культиваторлар жоқ. Бұл сияқты тіркеу саймандарының құрылысымен, бөлшектерімен жете танысу ісінің маңызы болашақ механизаторлар үшін ерекше зор. Бірақ, бұл жағдайға облыстық ауылшаруашылық басқармасындағылар тіпті де қынжылар емес.

Болашақ механизаторлардың оқуы ұйымдастырудағы кейбір кемшіліктер осындай. Ал, училище басшылары оқу-

шыларға қажетті тұрмыс жағдайын жасауға да тиісті дәрежеде қамқорлық көрсетпей отыр. Басқаны айтпағанын өзінде оқушылардың кезінде моншаға түсуін ұйымдастыру да естен шығарылған. Училище басшылары жаңадан оқуға келгендердің сыртық және ішкі киім алуын қамтамасыз етпеген.

Сол сияқты, оқушыларды қамтытып асхананың жұмысы да нашар. Асхана іші лас, тамақтану кездерінде оларды тез қамту ұйымдастырылмаған. Асханада қамтудың нашар ұйымдастырылуы салдарынан оқушылардың онда ұзақ отырып қалып, сабаққа кешігіп бару фактілері жиі кездеседі.

№ 32 фабрика-завод училищесіндегі оқушылар асханадағы мұндай тәзгіз жағдайларды баяндау үшін училище директоры Семенов жолдасқа барғанда ол: «уақытым жоқ» деп, оқушылармен сөйлесуден бастартқан.

Училище оқушылары арасындағы саяси-тәрбие жұмысы да мүлдем бетімен жіберілген. Оқушыларды мәдени қамту ісімен ешкім шұғылданбайды. Училище оқушылары, керек десе, газет-журналдармен, шахмат, дойбымен, музыка аспаптарымен де қамтамасыз етілмеген.

Училищенің оқушылары тың жерлерді игеру күресіне белсене қатынасатын болашақ механизаторлар. Олар партияның шақыруымен тың және тыңайған жерлерді игеру жолындағы бүкілхалықтық күреске қатынасуға келді. Олар — өздеріне күнбе-күн қамқорлық жасауға лайықты. Олай болса, облыстық ауылшаруашылық басқармасы (бастығы Коробов жолдас) механикация училищелері басшыларынақ болашақ механизаторлардың оқуын тыңғылықты ұйымдастыруды, оларға қажетті мәдени-тұрмыс жағдайын жасауды талап етуге, бұл істе училищелерге нақтылы көмек көрсетуге міндетті.

Т. КӘДІРОВ,

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

САБАҚТЫҢ САПАЛЫ ӨТУІ НАСИХАТШЫҒА БАЙЛАНЫСТЫ

Мен бірқатар уақыттан бері аудандық партия комитетінің штаттан тыс насихатшысы болып істеймін. Насихат жұмысында әжептәуір тәжірибем болса да, мұнымен қанағаттанбай, саяси білімді үздіксіз көтерудемін. Өйткені, коммунистердің марксизм-ленинизм негіздерін терең оқып, меңгеруі ең алдымен насихатшыға, оның саяси білімді болуына байланысты екені мәлім.

Сабақтың идеялық сапасын жақсарту, сөйтіп, коммунистердің марксизмді творчестволық жолмен меңгеруі насихатшыға күрделі талаптар қояды. Бұл талаптарды насихатшы өзінің теориялық және методикалық білімін жетілдіріп отырған уақытта ғана орындай алады.

Үйірме сабағын сапалы өткізу үшін оған тығыздықты әзірлену керек. Мен сабаққа даярланбас бұрын, алдымен керекті әдебиеттерді және көрнекі құралдарды әзірлеп аламын. СОКП тарихымен бірге марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын оқып, өзіме жоспар-конспект жасаймын. Аудандық партия комитеті жанындағы насихатшылардың семинарына қатысамын. Күнделікті газет, журналдарды да үзбей оқып тұрамын.

Сабаққа әзірлік кезінде негізгі әдебиеттермен бірге сол өтеіні деп отырған тақырыпқа байланысты көркем әдебиеттерді де қоса оқу өте пайдалы. Бұл жаңа тақырыпты кеңірек түсіндіруге, тыңдаушылардың сабаққа ынталылығын арттыруға мүмкіндік береді. Сабақты жергілікті фактілермен, кәзіргі жағдайлармен байланыстыру — тыңдаушылардың жаңа сабақты айтарлықтай меңгеруіне көп әсерін тигізеді.

Сабақтың алғашқы сағаты өткен тақырып жөнінде әңгімелесуден басталады. Әңгіме үстінде толық еріктілік принципі сақтай отырып, сабаққа әзірлігі кем тыңдаушыларды сөйлетуге тырысамын. Оларға көлденең сұрақтар қойып, сөзін бөлмей, ойын толық баяндап шығуға мүмкіндік беремін. Бұдан кейін басқа тыңдаушылар тақырыптың айтылмағандық жерін толықтырады. Осымен өткен сабаққа қорытынды жасалады.

Екінші сағатта жаңа сабақты талдап түсіндіремін де сабақты түсінікті, жатық тілмен баяндап, мүмкіншілігінше аз қолданылатын қиын сөздерді орынсыз көп пайдалануға құштарлық көрсетпеймін. Ал, мұндай сөздерді пайдаланғанның өзінде оны талдап, тыңдаушыларға ұғымды басқа сөздер арқылы баяндаудың тиімді екендігін насихатшы білуге тиіс.

Жаңа сабақта көрнекі құралдарды пайдаланып, тақырыпқа байланысты көркем әдебиеттерден үзінділер келтіру тыңдаушылардың дүние таныын, ой-өрісін кеңейте түседі. Көркем әдебиеттен және басқа кітаптардан үзінділер келтіретіндегі көзделетін мақсаттың өзі де сол. Бұдан кейін тыңдаушылардың сұрақтарына жауап қайтарылып, сабақты үйге тапсырма беруден, керекті әдебиеттерді көрсетумен

Басшылықтың коллективтік принципін қатаң сақтайық

Жұмыстағы коллективтік — дұрыс басшылық етудің негізі болып табылады. Партиялық басшылықтың коллективтік басшылық екені барлық жұртқа мәлім. Өйткені, партия ұйымы өзінің жұмысын үлкенді-кішілі барлық мәселелерді коллективті түрде талқылау негізінде, отан коммунистер мен партияда жоқ активтерді кеңінен қатыстыру негізінде құрды. Сол арқылы партия ұйымы өзінің қаулы-қарарларының орындалуын іс жүзінде асырып отырады.

Біздің совхоздың партия ұйымы өзінің жұмысын осы партиялық талаптар негізінде жүргізіп келеді. Барлық жұмысқа партия бюросы басшылық жасайды. Оның құрамында өз жұмысын жақсы бідетін, тәжірибесі мол адамдар бар. Олардың әрқайсысына шаруашылықтың ең жауапты участоктері бекітіліп берілген.

Коллективтік жұмыс партия ұйымының айлық жоспарын жасаудан басталады. Совхоздың партия ұйымының секретары алдымен жоғары партия ұйымдарының нұсқауларын, жеке коммунистердің ұсыныстарын ескере отырып, айлық жұмыс жоспарының жобасын жасайды. Бұл жоба партия бюросының мәжілісінде, партия жыйналысында қаралып, бекітіледі. Оған коммунистер өздерінің ескертпелері мен түзетулерін, ұсыныстарын енгізеді.

Коммунист Дворецкий жолдас партия бюросының мәжілісінде мал қыстатудың барысы және сүт алу жоспарының орындалуы жөнінде мәселе қарауды ұсынды. Бұл ұсыныс бірауыздан қабылданды. Осы мәселені партия бюросының мәжілісінде талқылау бірқатар кемшіліктердің бетін ашып берді. Сауын сыйырлар күтімінің нашарлығынан сүт алудың төмендеп кеткені анықталды. Партия бюросы бұл кемшіліктерді жоюға бағытталған бірқатар шаралар белгілеп, оның орындалуын күнбе-күн бақылап отырды. Соның нәтижесінде сыйырлардың сүттілігі артып, сүт алудың айлық жоспары артығымен орындалды.

Белгілі бір мәселені бюро мәжілісінде қоймастан бұрын, оны жете тексеріп, біліп аламыз. Мұндай тексеру жұмыстарына бюро мүшелерімен бірге коммунистер мен партияда жоқ активтер тартылады. Пікірімізді дәлелдеу үшін бір мысал келтірейік.

№ 2 бригадала соңғы кезде үгіт-бұқаралық жұмыстың дәрежесі төмендеп кетті. Біз мұның негізгі себебін ашып, үгіт-бұқаралық жұмысын жақсартуға бағытталған шаралар белгілеуге тырыстық. Осы мақсатпен фермаға зоотехник Клюев және партия тобының жетекшісі Уалиханов жолдастарды жібердік. Мәселе бюро

мәжілісінде қаралды. Бұл фермада үгіт-бұқаралық жұмысты жақсартуға көп әсерін тигізді.

Кәзір әрбір фермада, табындарда бекітілген үгітшілер бар. Олар партия ұйымы қарап, бекіткен жоспар бойынша жұмыс істейді. Үгітшілер тобының құрамында зоотехниктер, мал дәрігерлері және жергілікті интеллигенция бар. Үгітшілер өздерінің кезекті әңгімелерін жергілікті фактілермен байланыстырып, озат сауыншылардың, малшылардың жұмыс әдістерін кеңінен насихаттап отырады. Абрамов, Новиков және басқа үгітшілеріміз өздерінің көрнекі үгіттерімен көзге түсіп, жұртшылық құрметіне бөленуде.

Партия ұйымы совхоздың дирекциясымен бірлесіп отырып, мамандармен, жұмысшылармен және қызметшілермен кездестіріп отырады. Онда совхоз алдында тұрған толғағы жеткен мәселелер талқыланады. Пайдаланылмай жатқан мол резервтерді өндірісте кеңінен пайдалану сөз болады. Мұндай шешестер маңызды шаруашылық мәселелерін талқылауға коммунистермен бірге партияда жоқ активтердің де қатысуына, олардың бағалы ұсыныстары енгізуіне мүмкіндік беріп келеді.

Соңғы бір кездесте совхоз директоры Дворецкий жолдас совхоздың өндірістік-финанс жоспары және партия ұйымының міндеттері жөнінде баяндама жасады. Бұл мәселені талқылауға мамандар, жұмысшылар мен қызметшілер белсене қатысты. Кездесте өндірістік-финанс жоспарында көрсетілмеген штаттан тыс адамдар бар екені, оларға заңсыз еңбekaғы төленіп келгендігі анықталды. Ал, совхоз басшылары, сол сияқты, ферма меңгерушілері мұндай төзгісіз жағдайға қарсы ешқандай мардымды шара қолданбай келген. Міне, кеңес осы аталған кемшіліктерді жоюға, өндірістік-финанс жоспарың бұлжытпай орындауға көп көмегін тигізді.

Коллективтік басшылықтың мәселені тез және дұрыс шешуге көмектесетінін, адамдардың өз жұмысына жауапкершілігін оян сайын арттыра түсетінін тәжірибе көрсетіп келеді. Біздің партия ұйымының алдында күрделі-күрделі міндеттер тұр. Партия ұйымы басшылықтың коллективтік принципін қатаң сақтай отырып, совхоз коллективін СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы алға қойған міндеттерді орындауға, сөйтіп, совхозды рентабельді шаруашылыққа айналдыруға кеңінен жұмылдыра береді.

Г. ЧЕШКОВ,
Мамлют совхозы партия ұйымының секретары.

Колхоз партия ұйымы секретарьларының есебі

Жақында Қазақстан КН Булаев аудандық комитеті өзінің бюро мәжілісінде көр-

майды. Саяси жұмыстың өз дәрежесінде болмауы шаруашылық жұмыстарына кә-



Жуырда қаладағы Горький атындағы орта мектептің биология кабинеті заты 1350 есе үлкейтіп көрсететін жаңа биологиялық микроскоп алды.

СУРЕТТЕ: биология пәнінің оқытушысы Павел Николаевич Степанов жас натуралистер (солдан ойға қарай) В. Зенченко, Н. Сизинцев және Г. Зонновты жаңа микроскоптың құрылысымен таныстырып отыр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Үйірме сабағына белсене қатысуда

Смирнов орта мектебінің оқушылары мектептегі әдебиет, көркемөнер, тарих, география, химия, шахмат, авиомодель үйірмелерінің жұмысына үнемі белсене қатысып отырады. Жуырда әдебиет үйірмесінің мүшелері арасында «Абай» романы бойынша кітап оқушылар конференциясы өткізілді. География үйірмесінде «Туған өлкеге саяхат» деген тақырыпта баяндама жасалды.

Мектептің көркемөнер үйірмесінің жетекшісі тарих пәнінің оқытушысы Р. Елеусізова жолдастың басқаруымен мектеп көркемөнершілері оқушыларға және ата-аналарға арнап жиі-жиі концерт беріп тұрады.

С. БАЗАРБАЕВ,
Ш. ҒУБАЙДУЛЛИН.

Оқушылар озап сауыншымен кездесті

Преснов ауданы, Баян орта мектебінің 9-класс оқушылары «Баян» ауыл-шаруашылық артелінің озат сауыншысы Нүрзия Сунғатулина жолдаспен кездесті. Озат сауыншы оқушыларға өзінің жұмысы туралы айтты. Кездесу соңында участоктік зоотехник Ш. Адырбаев жолдас мал шаруашылығын оркестрету-

Совет Үкметінің Түркия Үкметіне НОТАСЫ

Үстеміздегі жылы 18 мартта ССРО Сыртқы Істер Министрінің орынбасары В. А. Зорин Түрік республикасының Москвадағы уақытша елшісі Туналыгил мырзаға мынадай мазмұнда нота тапсырды.

«Түркия мен Пәкістан арасында олардың жан-жақты ынтымақтасуын, соның ішінде соғыс саласында да ынтымақтасуын көздейтін шарттың алдағы уақытта жасалатыны жайында үстеміздегі жылғы 19 февральда Түркия мен Пәкістанның бірлескен мазмұндамасының жариялануына байланысты, Советтік Социалистік Республикалар Одағының Үкметі Түрік республикасының Үкметіне мынаны мәлімдеуді қажет деп санайды:

Жоғарыда көрсетілген Түркия—Пәкістан мазмұндамасынан, сонымен қатар, екі елдің мемлекет қайраткерлерінің мәлімдемелерінен көрініп отырғанындай, Түркия мен Пәкістан арасында жобаланып отырған шарт көрініле елдердің хауіпсіздік мүдделеріне соқпай қоймайды. Шетелдік, соның ішінде Түрік баспасөзі бұл шарттың Түркия мен Пәкістан арасында белсенді соғыс ынтымағын және анағұрлым көлемді соғыс блогін ұйымдастыру үшін негіз құруды көздеп отырғанын хабарлауда. Соның өзінде Түркия—Пәкістан шартының, Түркия сыртқы істер министрінің үстеміздегі жылғы 24 февральда түрік үкметінің жасаған мәлімдемесінен көрініп отырғанындай, — соғыс блогіне басқа елдерді қатыстыруды көздеп отырған, осыған байланысты жоғарыда көрсетілген шарттың орта-шығыстық соғыс блогін құрудың ұйтқысы деп негізделі бағаланып отырғаны өзіне ерекше назар аударарды.

Жұртқа мәлім, Түркияға, сондай-ақ Пәкістанға ешқандай шабуыл хауіп болмағандықтан, бұл шартты қорғаныс шарты деп қарауға болмайды. Мұның керісінше, Түркия мен Пәкістанның мемлекет қайраткерлерінің сөздерінен көрініп отырғанындай, бұл шартты әзірлеу Атлантикалық блоктың соғыс жоспарларына тығыз байланысты және бірқатар елдердің, әсіресе, Тау және Орта-Шығыс ау-

данындағы елдердің, сондай-ақ Оңтүстік-Шығыс Азияның хауіпсіздігі туралы мәселелерге қатысы бар.

Тау және Орта-Шығыс ауданында блоктар құру әрекеттерінің Тау және Орта-Шығыс елдерін агрессиялық Атлантикалық одақтың қарулы күштерінің тірегіне айналдыру мақсатын көздейтінін Совет Үкметі 1951 жылғы 24 ноябрьдегі және 1952 жылғы 28 январьдағы Түркия Үкметіне жолдаған ноталарында атап көрсеткен болатын. «Орташығыстық командование» дейтінді құру жоспарлары, сонымен қатар, Тау және Орта-Шығыс елдерінің ұлттық мүдделері мен хауіпсіздігіне нұқсан келтіріп, шетелдік қарулы күштердің бұл елдерде болуын қандай сылтаумен болса да қамтамасыз етуге және бұл елдерде шетелдік соғыс базаларының жүйесін ұлғайтуға тырысқан АҚШ-тың, Англияның және Түркияның басқа да сол сияқты, әрекеттері, осы мақсатты көздеген болатын.

Тау және Орта-Шығыс пен Оңтүстік-Шығыс Азияда соғыс блогін жасауға бағытталған Түрік Үкметінің кәзіргі әрекеттерінің өзі халықаралық шиеленісті басқаруға және мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға ССРО мен бірқатар мемлекеттер тарапынан шаралар қолданылып жатқан кезде жүргізіліп отырғаны назар аударарды. Түрік Үкметінің мұндай әрекеттерінің Тау және Орта-Шығыстағы, сондай-ақ Оңтүстік-Шығыс Азиядағы жағдайды шиеленістірмей қоймайтыны және оның Совет Одағының хауіпсіздігіне тікелей қатысы бар екендігі өзінен-өзі түсінікті.

Совет Үкметі мұндай саясаттың совет-түрік қатынастарына зиян тигізбей қоймайтынына Түрік республикасы Үкметінің назарын аударуды қажет деп санайды. Түрік Үкметі осындай әрекеттер жасауымен мұндай жағдайдың зардаптары үшін жауапкершілігін өзіне алады.

Туналыгил мырза жоғарыда көрсетілген нотаны Түрік Үкметіне тапсырамын деп уәде берді.

КИНО

„Маринаның тағдыры“

Кәзір облыс кинотеатрларында көрсетіліп жатқан, Киевтің көркемсуретті фильмдер киностудиясы жасап шығарған «Маринаның тағдыры» атты фильм колхозшы әйел Маринаның өмір жолын баяндауға арналған. Фильм қарапайым совет әйелінің өзінің жеке қайғысына іштей жеңе отырып, еңбек үстінде қатардағы колхозшыдан агроном болғанын, еңбек ері атағын алғанын тамаша бейнелеп береді.

Экран Маринаны көрсетуден басталады. Ақжарқын, көңілді, көркем, еңбек әйелінің өмірі, қорықпай, назарын

РСФСР-дың еңбек сіңірген артисі Н. Гриценко Терентий Власенконың образын көңілге қонымды етіп шығарған. Өзіміз, өмірге икемсіз, оңай жолмен атақ, дәрежеге ие болғысы келген Терентийдің көрсексыздылығын, тұрақсыздығын бұдан да толық етіп бейнелеп беруге артистің мүмкіндігі бар.

Бізге өлі де болса жалқаулар, ескі салт-санадан арылмай жүрген адамдар бар. Солардың өкілі ретінде фильмде Мотря (Н. Копержинская) мен Матвей (Б. Андреев) көрсетіледі. Ерлі-зайып

Мен жетекші болып істейтін негізгі типті үйірмеде 19 адам оқыйды. Онда 10 коммунист, 4 комсомолец бар, ал қалғандары партияда жоқ активтер. Олардың ішінен 11 адам үгітші болып істейді.

Партия обьуын жоғары дәрежеде өткізу әрбір насихатшының ардақты борышы. Партия ұйымының басшылығымен үйірме сабағының сапасын жақсартып, тыңдаушылардың марксизм-ленинизм теорияларын творчестволықпен меңгеруіне жетізе беремін.

И. АРКАДЬЕВ,

Коктохов аудандық тұтынушылар одағы партия ұйымының жанындағы негізгі типті үйірменің насихатшысы.

БАСПАСӨЗГЕ ШОЛУ

Астық молшылығы үшін

СОКП Орталық Комитеті Пленумының «Елімізде астық өндіруді оған әрі арттыру туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» қаулысын республикамыздың еңбекшілері зор жігермен қарсы алды. Пленум селондың барлық коммунистері мен комсомолдерін, барлық колхозшыларды және МТС, совхоз қызметкерлерін астық шаруашылығын мықтап өркендету, егіннен мол өнім алу, мал санын одан сайын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру жолындағы социалистік жарысты өрістетуге шақырды.

Коммунистік партия мен Совет үкметі республикамыздың алдына миллиондаған гектар тың және тыңайған жерлерді игеру міндетін қойып отыр. Бұл—бүкілхалықтық, мемлекеттік маңызы зор іс. Партиямыздың шақыруына үн қосқан комсомолец-жастар еліміздің әр жерінен Қазақстанға лек-легімен келіп жатыр. Олардың көпшілігі кәзірдің өзінде МТС-тер мен совхоздарға барды. Совет мемлекеті республикамыздың ауыл шаруашылығына жаңа техниканы және басқа қажетті материалдарды көп беруде.

Тың және тыңайған жерлерді игеру ісін кеңінен жазып отыру жергілікті газеттердің басты міндеті. Бұл мәселелерге Қостанай облыстық «Коммунизм жолы» газеті көп көңіл бөле бастады. «Барлық күш жігер тың жерлерді игеруге жұмылдырылсын» деген бамақаласында газет былай деп жазды:

«Тың және көптен пайдаланылмай жатқан жерлерді игеру жөнінде партия мен үнмет Қазақстанның астықты аудандарының бірі—біздің облысымыздың колхоздары мен совхоздарының алдына орасан зор міндеттер қойып отыр. 1954 жылы облыс колхоздарында бір миллион гектар, совхоздарда 439 мың гектар тың және тыңайған жер игерілуге тиіс... Облыс колхоздарында бір жылдың ішінде игерілетін

тың және тыңайған жерлері жөнінде Сталин атындағы, «Победа» колхоздары партия ұйымдарының секретарьлары Есенғұлов және Әбдіхалықов жолдастардың баяндамаларын тыңдады. Аталған колхоздарда көктем егісіне әзірліктің қарқыны төзгісіз баяу. Дәнді дақылдардың, овоңытың, картоптың, көн-жылдық және біржылдық шөптердің тұқымы жетпейді. Қолда бар тұқымның өзі тазартылып, өнгіштік сапаға жеткізілген жоқ.

Қысқы агротехникалық шаралар мерзімінде жүргізілмеді.

Колхозшылар арасындағы саяси жұмыстың дәрежесі төмен. Партия ұйымдары үгітшілермен семинар-кеңестерін өткізіп, оларға нақты нұсқау беріп отыр-

ғыншы өсерін тигізуде.

Партия жыйналыстарында шаруашылықтың толғағы жеткен мәселелері жиі талқыланып, кемшіліктер батыл сыға алынбайды. Партия ұйымдары коммунистердің саяси білімін көтеруге, олардың шаруашылықтың жауапты участоқтарында авангардтық роль атқаруына жетізе алмай келеді. Мұның бәрі партиялық-ұйымдық және партиялық-саяси жұмыстың өз дәрежесінде болмауының салдары.

Аудандық комитеттің бюро мәжілісі аталған колхоздар партия ұйымдарының жұмысындағы осындай елеулі кемшіліктерді атап көрсетіп, оны жоюға бағытталған нақтылы шаралар белгілеп қаулы алды.

Редакция «Тың және тыңайған жерлерді ойдағыдай меңгерейік» деген тақырыпта арнаулы бет ұйымдастырып, онда Озерный МТС-і механизаторларына сөз берген. МТС коллективі былай 12 мың гектар тың жер игеруге әзірлік жұмыстарын жүргізуде.

Аса көп тың жер игеруге тиісті болған Қостанай облысының баспасөзі үшін бүгін таңда бұдан маңызды мәселе жоқ. «Коммунизм жолы» газеті бұл жұмыстың көптеген нақты мәселелерін әзірге жете көтере алмай отырса да, өзінің алдындағы міндеттің үлкен екендігін түсініп, жұмысты жақсартуға ұмтылып отырғандығы байқалады. Бұл, әрине, жақсы.

Бірақ, Қазақстанның солтүстік-шығыс облыстарының кейбір газеттерінде істің жайы басқаша болып отыр. Мысалы, Ақмола облыстық «Сталин туы» газеті тың және тыңайған жерлерді игеру мәселесін терең, жан-жақты етіп жаза алмай келеді. Бұл облыста да игерілетін жаңа жерлердің көлемі үлкен. Газет облыстық партия ұйымдарына көмектесіп, маңызды мәселені тиісінше көтеруі керек еді. Бірақ ол бұл талаптан әлде қайда кейін қалып отыр.

Газет февраль айының ішінде осы мәселе жөнінде басмақала беріп, онда былай деп жазды.

«Бұл маңызды міндетті шешуге біздің облыс колхоздары мен МТС, совхоздары да нақты үлес қосуы керек. Облыс колхоздары мен совхоздарында пайдаланылмай жатқан жерлер көп... Міне осы жерлерді тезінен игеріп, онда жаздық бидай және басқа да дақылдарды көптеп егіп, астық өндірісін шұғыл ұлғайтуымыз керек. Бұл істі кезек күттіріп кейінге қалдыруға болмайды».

Бұған қарағанда, газет бұл мәселенің маңызын жете түсінбей отыр дегуге болмайды. Мұнда әжептәуір-ақ кеңес берілген. Осында айтылған «бұл істі кезек күттіріп кейінге қалдыруға болмайды» деген соңғы сөйлемді газет редакциясындағылардың өзіне айтуға тура келеді. Өйткені дер кезінде көтерілетін мәселеге газеттің өзі кезек күттіріп отырғанын көреміз.

дің алда тұрған міндеттері туралы әңгіме өткізді.

**А. ЖҰМАБАЕВ,
О. МҰҚАМЕТҚАЛИЕВ.**

ЖАС ШАХМАТШЫЛАР ЖАРЫСЫ

Жуырда Октябрь жетіжылдық мектебінің (Приешім ауданы) жас шахматшыларының жарысы өткізілді. Жарысқа 12 оқушы қатысты. Мектеп бойынша бірінші орынды оқушы К. Мұқатаев жеңіп алды. Сол сыяқты 7-класс оқушылары Қ. Ахметов, Т. Жүкенбаев, жақсы көрсеткішке ие болды.

**О. ҒАБДУЛЛИН,
Т. ЖҮКЕНБАЕВ.**

Редакция февраль айының ішінде Еркіншілік МТС-інің бас агрономы Жәкенова жолдастың мақаласы мен Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылым академиясының Сибирь, Урал, Қазақстан және оңтүстік-шығыс аудандарында тың және тыңайған жерлерде жаздық бидай мен тарыны баптап өсірудің агротехникасы туралы мәселеге арналған кеңестің екі—үш материалдарынан басқа ешнәрсе берген жоқ. Ал газеттің бұдан басқа жазарлық тақырыптары болмады ма? Әрине болды. Бірақ әңгіме осыларды ұйымдастыра алмауда болып отыр. Облыста тың жерлерді игеруге елауір жұмыс істеген озат колхоздар мен МТС-тер бар. Бірақ газет олардың іс тәжірибесін жұртшылыққа айтып бере алмай отыр. Мұнда көктемгі егіске, оның ішінде тың және тыңайған жерлерді жыртуға әзірлік мәселесі жазылмай келеді.

Март айының алғашқы күндерінде де облыс еңбекшілерінің жаңа жерлерді игеру жөнінде жүргізіп жатқан күрделі жұмыстары газет бетінде көрінібей қалып отыр. Комсомол МТС-інің директоры С. Сьедин жолдастың мақаласынан басқа ауызға аларлықтай материал берілмеген. Облыста көктемгі егісті бастайтын мезгіл жақындап қалды. Ал бұған әзірлікте кемшіліктер өте көп. Бірақ, осы жөнінен газеттің сын материалдарын бермей отыруы түсініксіз.

Осы сыяқты кемшіліктер Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленин туы» газетінде де бар. Газет январь айында «Тың және тыңайған жерлерді игеру — астық шығымдылығын арттыра түсудің басты шарты» деген бір бөлім ұйымдастырумен ғана қарағат тұтып қойды. Ал, февраль айында да, марттың алғашқы күндерінде де мардымды ешнәрсе жазбады.

Тың және тыңайған жерлерді игеру жұмыстарын, көктемгі егіске әзірліктің барысын, агротехникалық кеңестерді, озат колхоздар мен МТС-тердің тәжірибелерін күнбе-күн жазу, кемшіліктерді батыл сынап отыру—бұл облыс газеттерінің ел шұғыл міндеті. Әрбір газет осы міндеттің дәрежесінде болуға тиіс.

(«Социалистік Қазақстан», 16 март).

өзіне тарта түседі.

Ол колхозда звено бастығы болып істейді. Қарамағында өзі сыяқты еңбек сүйгіш бірнеше адамдар бар. Ері Терентий Власенко ауыл шаруашылығы институтында оқып жүр. Қызы Галина да өсіп келеді.

Марина ерінің оқуына, институтты бітіруіне барлық жағдайды жасайды. Өз еңбегімен тапқан қаражатын оған жібереді. Уақыт өткен сайын Терентиймен кездесетін қуанышты күн де жақындай түседі.

Терентий бірнеше жыл бойы оқытқан, өзін сарғая күткен, бұдан біраз жыл бұрын кіршіксіз таза махаббатпен қосылған Маринасын енді менсінбейді. Терентий өзінің семьясын, әйелі Маринаны мен 17 жастағы қызы Галинаны тастап кетеді.

Сүйгенінен айрылып, ауыр қайғыға батқан Марина барлық күшін колхозда еңбек етуге, оқуға жұмсайды. Қажырлы еңбегі нәтижесінде қант қызылшасынан мол өнім алады, өзінің жұмыс тәжірибесін басқа звеноларға да кеңінен таратады.

Партия ұйымы, колхозшылар Маринаны қамқорлыққа алады. Еңбекте қанша жетістікке жетсе де, жеке басының қайғысы оның есінен кетпейді.

Бірнеше жыл өткеннен кейін Марина ауыл шаруашылығы озаттарының кеңесінде Терентиймен кездеседі. Марина агроном, төсінде орақ-балғалы алтын жүлде жарқырайды. Бұл уақытта Терентий ғалым да болмай, басшы қызметке де қолы жетпей жүреді. Өзінің бұрынғы әйелімен қайта табысуға тырысып, оның беделін дәреже, атак алуға пайдаланғысы келеді. Еңбекпен бақыт тапқан Марина енді Терентиймен бірге қайта өмір жасағысы келмейді.

Фильмнің басты героиня Маринаның образын артистка Е. Литвиненко өте шебер жасаған. Марина Литвиненконың орындауында ешқандай ымырашылдықпен келіспейтін өте батыл және адал адам. Әсіресе, Терентийдің үйден кететін кезіндегі жағдай, героиньдің ішкі ой-сөзімі, аянышты халі дәл өмірдегідей болып берілген. Оның қыймылын, байсалдылығын, еңбек сүйгіштігін, жайдарылығын экраннан көріп отырып, бүгінгі колхозды деревняның озат әйелін көз алдына елестетесіз.



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ҚЫЗЫЛ ГАЛСТУК»

Күндізгі сағат 10-30, 12-30, 2-30-да басталады.

«МАРИНАНЫҢ ТАҒДЫРЫ»

Сағат 4-30, 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

ты матвей мен Мотря қолхоз өндірісіне араласпайды. Бұлар бірге-бірге өздерінің қателігін сезініп, белсенді колхозшылар қатарына қосылады. Матвей мен Мотряның арасындағы кейбір түсініспеушіліктер еңбек үстінде түзеліп кетеді.

РСФСР-дың халық артисі Б. Андреев және Украин ССР-нің еңбек сіңірген артисткасы Н. Копержинская өз героиняларының мінез-құлқын көрсетуде өздерінің барлық артистік дарындылығын пайдаланған.

Тарас—колхоз партия ұйымының секретары. Оның семьясы, әйелі мен баласы бар. Маринаның басындағы жағдай онда да болған. Бұрынғы әйелі оны тастап кеткен. Тарас артист М. Кузнецовтың орындауында байсалды, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасап, оларды колхоздың қоғамдық шаруашылығын өркендетуге жұмылдыру білетін партия ұйымдастырушысы ретінде бейнеленеді.

Туысқан Украина жерінің тамаша бай табиғаты көз тартады. Фильмде табиғат көрінісі адамдардың ішкі ой-дүниесімен, олардың басындағы жағдайлармен байланыстырылып отырылады. Терентий кеткеннен кейін Марина терезенің алдында тұрады. Бұл араға Тарас келеді. Қалың бұлт аспанды қаптап, ауа райы кенет өзгереді. Күн шағырлап, найзағай жарқылдай бастайды. Бұл арада режиссер және оператор Маринаның дәл осы кездегі ауыр жайын сыйпаттау үшін табиғат көрінісін де орындап пайдаланған. Бұл көріністерді экранға түсірудегі оператор В. Войтенконың іскерлігін атап көрсетуге болады.

Қарапайым совет әйелінің өсу жолын, тағдырын баяндайтын бұл фильм құнды, әрі мазмұнды болып шыққан. Кинофильмнің коллективі, режиссер Л. Дзенькевич және фильмнің сценарийін жазған Л. Компаниец өміріміздегі актуалды, бірақ, сирек жазылған тақырыпқа жұртшылықтың назарын аударып, игі жұмыс істеген. Фильмнің құндылығы да, мазмұндылығы да осында.

М. НҮРПЕЙІСОВ.

Редактор **Е. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.